

## БЕКІТЕМІН

Қарағанды облысы білім  
басқармасының Балқаш  
қаласының білім  
бөлімінің басшысы

  
*К. Дубирбекова*  
«09» қаңтар 2025ж.

### МЕКТЕПТЕРДІҢ ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕСІНЕ ҮМІТКЕРЛЕРДІ ТАҢДАУ КОНКУРСЫН ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

#### 1. Жалпы ережелер

Бұл ереже Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығымен бекітілген және 2017 жылғы 29 тамызда Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде № 15584 болып тіркелген қағидаларға сәйкес әзірленді.

Қамқоршылық кеңесінің негізгі мақсаты – мектептің дамуына және білім беру сапасын арттыруға жәрдемдесу. Осы ереже мектептерде қамқоршылық кеңесіне үміткерлерді таңдау конкурсын ұйымдастыру және өткізу тәртібін реттейді.

#### 2. Конкурстың мақсаты

- Қамқоршылық кеңестің құрамына жауапты, белсенді және беделді азаматтарды тарту;
- Білім беру ұйымдарының дамуына қолдау көрсетуге дайын үміткерлерді іріктеу.

#### 3. Конкурсты ұйымдастыру және өткізу тәртібі

3.1. Конкурсты ұйымдастыру және өткізу Білім бөлімімен және мектеп әкімшілігімен жүзеге асырылады.

3.2. Конкурс екі кезеңнен тұрады:

**1 кезең:** 1-10 қаңтар: Кеңестің құрылғаны туралы хабарландыру.

11-30 қаңтар: ата-аналар сайлауын өткізу.

**2 кезең:** 1-7 ақпан: Тексеру комиссиясының жұмысы.

28 ақпанға дейін: құрамды бекіту.

#### 4. Үміткерлерге қойылатын талаптар

##### 4.1. Үміткер:

- 18 жастан асқан, Қазақстан Республикасының азаматы болуы тиіс;
- Білім беру саласына қызығушылық танытқан және мектептің дамуына үлес қосуға дайын болуы қажет.

4.2. Қамқоршылық кеңесіне мүше ретінде мемлекеттік қызметшілер мен мектеп қызметкерлерін тағайындауға жол берілмейді.

## **5. Құжаттарды қабылдау тәртібі**

5.1. Конкурсқа қатысу үшін үміткерлер келесі құжаттарды тапсыруы қажет:

- Өтініш (еркін түрде);
- Түйіндеме;
- Жеке куәліктің көшірмесі;
- Үміткердің қызмет саласындағы жұмыс орнының анықтама құжаттары туралы мәліметтер (соттылығы жоқ туралы анықтама, наркология анықтама, психикалық мінез-құлық анықтама).

5.2. Құжаттарды қабылдау мерзімі – хабарландыру жарияланған күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде.

## **6. Әңгімелесу және тандау**

6.1. Екінші кезеңде үміткерлермен әңгімелесу өткізіледі. Әңгімелесу барысында үміткердің жеке қасиеттері, білім беру саласындағы көзқарасы және мектепке көмектесу ниеті бағаланады.

6.2. Қамқоршылық кеңесінің мүшелері конкурс нәтижелері бойынша сайланады.

## **7. Қорытынды ережелер**

Бұл ереже Қарағанды облысының білім басқармасы «Балқаш қаласының білім бөлімі» ММ мен мектеп әкімшілігінің ресми интернет-ресурсында жарияланады. Конкурстың нәтижелері барлық қатысушыларға 2024 жылдың 31 қазанында хабарланады.